МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ»
МКҚК

Жерлес ғалым, зерттеуші Серікбол Қондыбайдың ізімен «Жас саяхатшы» облыстық зерттеушілер байқауы

Ақтау қаласы, 2020 жыл

Жерлес ғалым, зерттеуші Серікбол Қондыбайдың ізімен «Жас саяхатшы» облыстық зерттеушілер байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Жерлес ғалым, зерттеуші С.Қондыбайдың ізімен «Жас саяхатшы» облыстық зерттеушілер байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: Жасөспірімдерді қазақстандық патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелей отырып, туризмге еңбегі сіңген қайраткерлерді үлгі тұту арқылы Отанды сүю, туристік - өлкетану қызметін белсендіру және насихаттау.

3. Байқау міндеттері:

- білім алушылардың ізденушілік, ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін арттыру;
- іздестіру-зерттеу жұмысын белсендіру.

2. Байқауды ұйымдастыру уақыты мен орны

4. Байқау **2020 жылдың 13 қараша айында** қашықтықтан өткізіледі.

5. Аудандық, қалалық білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім (1-қосымша) **2020 жылдың 30 қазанға дейін** келесі мекенжай бойынша: 130000, Ақтау қаласы, 23 шағынаудан, №8 ғимарат, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы, **ocdt-2017@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

6. Өтінімге қоса тіркеледі:

1) Байқаудың аудандық, қалалық кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшісінің облыстық байқауға қатысуы үшін жолдау туралы білім бөлімі басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, тұрғылықты мекенжайы, телефоны, жұмыстың тақырыбы, топ жетекшілерінің аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ұялы телефондары);

3) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3. Байқау қатысушылары

7. Байқауға аудандық, қалалық кезеңнің жеңімпаз топтары – облыстың жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

8. Әр аудан, қаладан қатысатын топтың сандық құрамы - 6 адам: 5 білім алушы мен жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары қатарынан 1 топ жетекшісі. Қатысушылардың жасы – 15-16 жас.

9. Байқауға топ жетекшісі ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

1) аудандық, қалалық байқау кезеңінің қорытындысы бойынша білім алушылар мен топ жетекшісін байқауға қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімі басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер;

3) барлық қатысушылардың және топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттар.

4. Байқауды өткізу шарты және тәртібі

11. Байқау екі кезеңнен өткізіледі:

1) бірінші кезең - аудандық, қалалық байқау;

2) екінші кезең – облыстық байқау.

12. Байқаудың бірінші кезеңдерінің өткізу мерзімі аудандық, қалалық білім бөлімдері басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

5. Байқау талабы

13. Байқау төмендегі екі номинация бойынша жүргізіледі.

1) **«Қалдырған ізің мәңгілік»** іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу. С.Қондыбайдың Маңғыстау-нама кітабына бойынша Маңғыстау жерлеріне экспедиция жұмыстарын ұйымдастыру. 1 күндік немесе 1 категориялық жаяу жорықтар ұйымдастыру, жаяу жорық күнделігін жазу, маршрут картасын жасақтау, сызу және саяхат кезінде фотосуретке түсіру. Экспедициялар маусым – қазан айлары аралығын қамтиды (әр айда қатысушылар бірнеше жорыққа шығуы керек).

2) **«Ескерткіштер сөйлейді»** табиғи ескерткіштерге сипаттама беру. Табиғи ескерткішке сипаттама беріп, өлке аумағында табиғи ескерткіштердің орналасу картасын ұсыну.

Бағалау өлшемдері: зерттелетін мәселелердің өзектілігі мен жаңашылдығы, жүргізілген зерттеулердің деңгейі мен көлемі, қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі, жұмыстың практикалық маңызы, автордың қосар жеке үлесі, сөйлеу шеберлігі.

Әр ұсынылатын бейнематериал ұзақтығы көрсететін материалды (макеттер, үлгілер, фотосуреттер, видеолар, слайд және т.б.) қолдануымен - 7 минут.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ескерту:

*Жаяу жорықтарды ұйымдастырудың тәртібін қатаң қадағалау;

*Жорыққа тәжірибесі бар жетекшімен шығу;

*Қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауға алу;

*Саяхатқа шығатын оқушыларды мектеп дәрігерінің тексеруінен өткізу;

*Оқушының саяхатқа шығуы туралы рұқсат өтінішін ата-анасынан қабылдау;

*Категориялық жорыққа шығатын топ Төтенше Жағдай мемлекеттік мекемелеріне саяхат бағытын хабарлау.

Саяхатта оқушылардың өмір қауіпсіздігі жетекшіге жүктеледі.

5. Байқау қатысушыларын марапаттау

14. Байқау жұмыстары бағалау өлшемдеріне сәйкес 10 баллдық жүйемен бағаланады. Қазылардың шешімдері хаттамада толтырылады.

15. Жеңімпаздар I, II, III, IV дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Жүлделі орынға ие болмаған қатысушы топтарға сертификаттар табысталады.

«Жас саяхатшы» облыстық зерттеушілер байқауына қатысуға өтінім

№ р/н	Қатысушының тегі, аты, жөні	Күні, айы, туған жылы	Білім беру ұйымы, сыныбы	Жетекшісінің тегі, аты, жөні, байланыс телефоны